

18. Маянский А.Н., Маянский Н.А., Абаджиди М.А., Заславская М.И. Апоптоз: начало будущего // ЖМЭИ. 1997. №2. С.88-94.

19. Thompson C.D. Apoptosis in the pathogenesis and treatment of disease //Science, 1995, V.267. P.1456-1462.

Summary

In article are resulted given cytopathic actions dsRNA by way electrophoresis analysis DNA of cells - targets (for detection markers of apoptosis – internucleosomal damage of DNA) various strains of influenza viruses and in conditions in vitro on chorionallantoic environment of chicken embryos. The electrophoresis analysis DNA of cells on chorionallantoic environment of chicken embryos infected with viruses of influenza has shown, that apoptosis degradation of DNA chorionallantoic cells is induced by all testing strains depending

on an infectious doze and from time of incubation in a different degree of expressiveness. Ability of isolate A/Almaty/5/98 to cause in limiting cultivations internucleosomal damage of DNA, in our opinion, it is probably connected from it persistent by the form.

Резюме

Атымау вирусының әр түрлі штамдарының екі спирадық РНҚ-ының *in vitro* жағдайында қауызын жармаған тауық балапанының (ҚЖТБ) хорионаллантоистық қабығына (ХАК) көрсететін цитопатикалық асері нәтижелері берілген. ҚЖТБ-ының ХАК торшаларының ДНҚ электрографез анализі зерттелген барлық штамдар инфекциялық мөлшеріне және уакытка байланысты әр түрлі деңгейде ДНҚ-ның аптикалық ыдырауын тудыратыны белгіленді. А/Алматы/5/98 изолятының ең жоғарғы деңгейдегі араластыру мөлшерінде ДНҚ-нофлық қасиетін оның персистенциялық түріне қатысты екені анақталды.

УДК578:23 578.1/2 578.08

Поступила 2.03.2006 г.

Р.Н. ШОЙБЕКОВ

ҚОЛӨНЕР ЛЕКСИКАСЫНЫҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛАУЫ

Қазақ тіл білімінде сөзжасамның аналитикалық тәсілімен жасалған атауларға сөздердің бірігүй (кірігүй), қосарлануы және тіркесуі арқылы жаңадан пайда болған атаулар жатқызылады.

Кейбір зерттеулерде сөздердің біріктіру тәсілі синтетикалық (морфологиялық) тәсілге жатқызылып жүр. Сөзжасам тәсіліне мұндай жаңаша көзқарасты профессор Б.Қалиевтің, С.Исақованың, С.Сарсенованаң еңбектерінен кездестіреміз. Ондағы сүйенетін қағида: тілдік теорияға сәйкес түбір сөз де морфема болып саналады. Олай болса, түбір сөздер біріксе де, қосарланса да оларды екі морфеманың бір-бірімен тоғызыуынан жасалған деп қабылдауға болады [1, 33-34]. Біз сөздердің біріктіру тәсілін аналитикалық тәсіл ретінде карастырдық.

1. Зат есім мен зат есімнің бірігүінен жасалған атаулар. Екі зат есімнің бірігіп айтылуы арқылы тілімізде бірсыныра алтын, күміс құймаларының атаулары жасалған: **аттұяқ, құлынтуяқ, қойтуяқ, тайтуяқ, атантуяқ**. Сол сияқты қойауыз, қаскырауыз, кемпірауыз, балықауыз, бөриауыз, жылқырауыз, бізтұмысқа, аттіс, отқысқаш, торғайауыз – қысатын құрал – қысқыш атаулары. Бетжұздік, бетмоншақ, жақмоншақ, бойтұмар, өніржиек, танагөз, тәркешқаш, шашбаутас, шаштенге, шашбау, есектас, қозтана, қылышбау, үкіяяқ т.б.– зергерлік бұйымдар, әшекей атаулары.

Зат есім мен зат есімнің бірігүі арқылы көптеген ою-өрнек атаулары жасалған: **бөрікұлақ, жұлдызгүл, жыланбауыр, қарғатұяқ, құстандай, түйетабан, қошқармұйіз, арқармұйіз, итқүйрық, алағұрт, аймұйіз, алмагұл, арлабас, атерін, атауыз, бағанөрнек, балыққоз, ботатірсек, бөрікөз, бөрікұлақ, ботамойын, моншақгүл, жұлдызқұрт, жыланкоз, тармақөрнек, итемшек, иттабан, шөжебас, қазтабан, қазмойын, керегекөз, құнкөз, кемпіркосақ, иттіс, құсжолы, құсмұрын, құсқанат, құмырсқаіз, түйемойнақ, тұлқібас, тышқаніз, шыбынқанат, шөмішөрнек, селеубас, танагұл, самаурынгүл т.б.**

Аяққап, қазанғап, уыққап, кесекап, шыныққап, керегекап тәрізді ыдыс атаулары, **аттарақ, бел-қүрек, белорақ, шалғыорақ, шоторақ, тісағаш, қолшығыр, қолтіс** (ағаш соқа), желбау (шаңырақты төмен басып тұратын шашакты бау), **түйемойнақ** (дорба), **жұқаяқ** т.б. тұрмыстық, шаруашылық бұйым атаулары да осы үлгімен жасалған.

Осы топқа жататын тіл бірліктеріне шеберлердің құрал-жабдықтарына қатысты **сымтемір, сымтартақыши, атсалғыш, сапсалғы, шапашот, белағаш, белшот, жұнтарақ, құбакыр, қаламтемір** секілді атауларды көлтіруге болады.

2. Сын есім мен зат есімнің бірігүінен жасал-

ған атаулар. Мысалы: **қексауыр** (көк түсті сапалы былғары), **қекжеке** (кексауыр етік), **ақмұрт** (етіктің ішкі ұлтанды), **алаетек** (жол-жол мата), **ала-бақан** (киз үй ішінде көлденен асып қоятын сырый), **алағұрт** (ою аты), **зілбарақ** (түкті кілем), т.б.

3. *Сан есім мен зат есімнің бірігуінен жасалған атаулар.* **Қосалқа**, **қосдөңгелек**, **қосмүйіз**, **қостіл**, **тоғызтәбе**, **жетігүл**, **бесгүл**, **бесбұрыш**, **бестаңба**, **бесжапырақ**, **бесжұлдыз**, **бесдөңгелек**, **ұшқұлақ**, **ұшарқар**, **төртқұлақ** (ою-өрнек түрлері), **бесқасқа** (бес таспадан өрілген қамшы), **бесақа**, **ұшақа** (айыр), **бескөз** (мата түрі), **қосаяқ** (екі дөңгелекті арба), **қостабан** (шолак ұлтан), **қосбауырдақ** (жұзік) т.б.

Көлөнерлектикасында етістік пен етістіктің, сын есім мен сын есімнің, зат есім мен етістіктің бірігуінен жасалған бірлі-жарым атаулар да кездеседі: **киіпжат** – диал. қой терісінен астарланған тақия. “Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде” бұл атаудың Орал өнірінде қолданылғандығы көрсетілген [2, 105]. **Айналсоқ** – 1) диал. байланған малдың оралып қалмауы үшін, бас жіпке тағылатын айналмалы шығыршық. 2) ат байлайтын аласа қазық [3, 24], **төскебасар** (үскі), **желкебасар** (окпанның ер косуда) арт жағынан жапсырылып, екі бетті біріктіріп тұратын ағаш, ер бөлшегі), **қарақасқа** (шұғаның жолағы бар түрі), **қарала** (кара+ала) (алашаның жергілікті атауы). Келтірілген мысалдар аймақтық лексикаға тән.

4. *Сөздердің кірігуі арқылы жасалған атаулар.* Тілдің даму барысында дыбыстық, морфологиялық өзгерістерге ұшырап біріккен, тіпті екі сөзден біріккендігі білінбей кеткен, әбден жымдастып, кіріп кеткен атаулардың бір тобы қолөнер лексикасынан орын алады. Ондай сөздер ғылыми әдебиеттерде “кірігे біріккен сөздер”, “кіріккен сөздер” деп аталып жүр. Қолөнер лексикасының материалы бойынша олардың саны 30-дан астам.

Ашайыр (диал. аша; айырды тісінің санына қарай “ұшаша”, “төрташа” деп атай береді, атау **аша** және **айыр** сөздерінен бірігіп, жымдастып кеткен); **балғауыз** (қысқаш, **балық+ауыз**), **аққұс** (илен-ген терінің майын түсіретін ақ тас; **ақ+қас**; **қас** деп ертеде тасты айтқан; салыстыр. **қас сақина** – тасты сақина, **қасты жүзік** – асыл тасты жүзік); **дарұлттан** (диал. мәсі, **дара+ұлтан**); **қарғауыз** (етікшінің қысқашы, **қарға+ауыз**), **сіртақа** (аяқ киім өкшесіне салынатын қатты былғары, **сірі + тақа** (таға), **арба-гер** (диал. ыңыршак, **арба + егер** (ер), **алжапқыш** (жұмыс істегендеге қолданатын белдемше, **алд(ы) + жапқыш**), **кебағаш** (етіктің басына кигізілетін қалып, кейбір аймақта бұл “үстіргт” деп аталады),

алтаяқ (диал. тек уық пен шаңырақтан тұрғызылған кішілеу үй, **алты+аяқ**), **белбеу** (**бел+бау**), **кел-сап** (**келі+сап**), **керегап** (көшкенде керегені буып байлайтын қап, **кереге+қап**), **төсагаш** (**ағаш төсек**, **төсек+ағаш**), **жастағаш** (ағаш төсектің үстіне, жастықтың астына қойылатын төсектің бөлшегі).

Бестақа – диал. еркектердің өкшесі аласа етігі. Бұл атау тарихи тұрғыдан алғанда **пәс** (“аласа”) + **тақа** сөздерінің бірігуінен жасалған. Бұл атау, негізінде, Атырау, Маңғыстау, Түркіменстан қазактары тілінде кездеседі. Ал Оңтүстік Қазақстанда “аласа”, “төмен” мағынасында **пәс** сөзі қолданылады: **бойы пәс** – бойы аласа, **пәс адам** – төмен (нашар) адам, **пәсейту** – төмендету т.б. Зерттеуші Ә.Нұрмағамбетов мұндағы **бес** сөзінің түп-төркіні парсы тілі екенін, парсы тіліндегі **пәст** “төмен”, “аласа” ұғымында жұмысалатынын жазған болатын [4, 22]. Біз де осы пікірді қуаттай отырып, бұл сөздің осы мағынасы аймақтық лексикада сакталып отырғанын көлтірдік.

Тәркешқап – аяққап; кесе, пиала салатын, былғарыдан жасалған, күміс шытыралармен, төгілмелі шашақпен әдемілеп тіккен ыдыс, аяққаптың сәнді бір түрі. Тәркешқап жасау өнер саналған. Мәселен, “коржын, аяққап, жастыққап, сандыққап, тәркешқап, жүккап және музыкалық аспаптар қабы өз алдына тұрган өнер”, – дейді белгілі қазақ суретшісі, өнертанушы Фани Ильяев [5, 144].

Өзбек тілінде **таркаш** – кесеге, табаққа арнап ағаштан, былғарыдан жасалған қап [6, 409]. Түркімен тілінің диалектілерінде **теркеш** – кесекап, ал әдеби тілдегі атауы – **серкеш** [7, 84].

М.Қашқаридың “Девони луғатит түрк” сөздігінде **тәркек**, **тәргәк** – ыдыс, бума, түйіншек, **кеша, гаша** – себет, көкөніс таситын кәрзенке, қап (2-том, 29-б.; 3-том, 239, 256-бб). Біздің ойымызша, қазақ тіліндегі **тәркешқап** – ұш сөзден біріккен атау: **тәр+кеш+қап**. Мұндағы **тәр** сөзі **тері** сөзінің өзгерген түрі, салыстырыңыз: көне түркі тіліндегі **тергек** – теріден жасалған ыдыс, өзбек тілінде де **таркаш** – тері ыдыс. Қазіргі **тері** сөзінің ыдыс атына байланысты **тәр тұлғасы** – көне тілдің реликті. Атаудың екінші бөлігі **кеш** – көне түркі тілінен белгілі **кеша** (кесе) сөзінің өзгерген түрі. Ал **қап** – бәрімізге белгілі “ыдыс” мағынасындағы атау. Соньмен, бұл атау “теріден жасалған кесе салатын қап” деген ұғымды білдіреді. Атау “тері” + “ыдыс” + “ыдыс” улгісімен жасалған.

Гауъарпұрыш – ертеде кентті жерлерде гауъар, жақұт, лағыл т.б. асыл тастармен сауда жасайтын адам. Шаңаrlы жерлерде зергерлер

өздеріне қажет болған түсті асыл тастарды кейде осындағы гауъарпұрыштан (саудагер) алған, кейде материалды тапсырыс берушінің өзі тауып берген.

Гауъарпұрыш – екі сөзден (дұбыстық өзгеріске түсіп) кірігे біріккен атая. **Гауъар** – асыл тас атауы, **пұрыш** парсы тіліндегі “сату” мағынасындағы **форуш** сөзінен шыққан [8, 668]. Жергілікті сөйлеу тілінде “ат сыншысы”, “бапкер” мағынасында **атпыраш** сөзі қолданылады. Мұндағы **пыраш** сынары **форуш** сөзіне барып тіреледі. Қыргыз тілінің Ош диалектісінде аттарды алып-сатумен айналысатын адамдарды **атпуруш** дейді [9, 94].

Бүгінде **гауъарпұрыш** сөзі қолданыстан әлде-қашан шығып, ұмытылып кетті. Атаяу – өткен замандарады шањарлы жердің тұрмысынан және казактардың сыншылық өнерінен хабар беретін этномәдени тіл бірлігі.

5. Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған атая-лар. Тігіншілік өнерінде “кім” ұғымына қатысты **киім-кеншек**, **киім-кешек**, **киім-кеше**, **тақия-тап**, **жейде-дамбал**, **көйлек-дамбал**, **тонтонау** секілді, зергерлік өнер лексикасында **ою-өрнек**, **жырым-шеттік** (күміс), **ер-тоқым**, **қалампир-маржан**, **әйкел-тұрман**, **тана-түйме**, **темір-терсек**, **орак-балға**, **бақа-түйме**, ершілік өнер лексикасына байланысты **ат-анжам**, **ер-тұрман**, **ер-тоқым**, **ат-әбзел**, киіз үйге байланысты **бау-басқұр**, **бау-жіп**, **бау-шу**, **жіп-шу**, тұрмыстық және шаруашылық заттарына қатысты **төсекорын**, **аяқ-табақ**, **қазан-ошақ**, **қазан-шабақ** (аяқтабақ), **қамыт-сайман**, **аяқ-шанақ** (ыдыс-аяқ), **андама-ділмала** (темір калақ), **аспап-анжам**, **ашықмашық**, **қора-жай** (үй-жай), **ау-дәске** (құрал-сайман), **әлекей-шүлекей** (әр түрлі әлеміш, әшекей заттар), **әлекей-күлекей** (бұл да әр түрлі әлемштер), **корпе-көкір**, **корпе-жастық**, **кетпеншот** секілді жинақтау ұғымында қолданылатын атаулар бар. Сол тәрізді әр түрлі ұғымда қолданылатын **сән-шәүкет**, **сок-сок** (қиізді білектеу), **қаруқапшиқ** (қару-жарап), **шыж-мыж** (ас үй) секілді аймақтық сипаттағы атаулар кездеседі.

Жоғарыдағы қос сөздердің мағынасы көпшілікке түсінікті болғанымен, олардың қайсыбіреулерінің сынарының семантикасы беймәлім. Мұның өзі олардың этномәдени семантикасын ашуды қажет етеді. Мысалы, қос сөздер құрамындағы **әйкел**, **бақа**, **тана**, **шу**, **шанақ**, **шеттік** т.б.

Әйкел-тұрман – тұмарлы ер-тоқым. Ертеде қадірлі малға, әсіресе жүйрік аттардың мойнына, мандаіына әр түрлі заттардан тұмар тағыларатын. Мұндай тұмарлар алтынмен атталып, күміспен

куптелген. **Әйкел-тұрман** жыр ұлгілерінде **аяр-тұрман** тұлғасында да ұшырасады. Негізінде, әйкел қыз-келіншектерге арналған, алқа тәрізді бүйим, әшекей болған. Мысалы:

*Ішкен асы асылдың
Тамағынан көрінген.
Қостан әйкел тағынған,
Жұз теңгелік опа-ендік
Екі бетке жасынған*
(Қыз Жібек, 1963, 8-б.).

Осы жырдың 25-бетінде мынадай шумақтар бар:

*Сексен қыз нөкөр қасында,
Алты аласы алдында,
Алты жеңгесі жолында,
Он екі жорға мойнына
Күмістен қоңырау тағады.*

Осыған байланысты мынадай ескерту беріледі: “Бұл жерде тұпнұсқадағы “Алтын әйкел мойнында” (“он екі жорға мойнына” деген тармақты айтып отыр – Р.Ш.) деген сөйлемге қатысы жоқ сөздер сыйылды”. Жырды шығару үстінде тұпнұсқадағы әйкелге байланысты тармақты алып тастау оның мағынасын, әйкелдің не екенін түсінбегендіктен болған. Сондықтан әйкел атаяу-ның білдіретін мағыналарына, осылай аталаپ отырған заттың тұрлеріне қысқаша болса да тоқтала кеткеніміз жөн.

Әйкел жоғарыдағы мағынасында және одан басқаша мәнде өзбек, қарақалпақ, тәжік, түрікмен т.б. тілдерінде кездеседі. Өзбек тілінде **хайкал** – мойынға тағатын әшекей [6, 469] қарақалпақ тілінде **хайкал** – әйелдердің омырауына тағатын металдан жасалған сәндік бүйим [10, 71]. Заравшан тәжіктері тілінде **әйкел** – XX ғасыр басында (одан бүрын да) тіл-көз тимейді деген түсінік бойынша міндегі тұрде адамдарға, үй жануарларына тағылған тұмар. Тәжіктер құран сүрелерінен үзінді жазылған қағазды үшбұрыш былғары қалтаның, матаның ішіне салып тігіп, оны өң қолына яки киімнің өң жағына, кейде құлаққа тағып жүрген. Әйкелді аттың жалына, малдың мүйізіне байлаң қойған. Адамға да, малға да бірнеше әйкелден тағылған; Әйкелі бар адамға, малға жын-шайтан, диу т.б. жоламайды деген сенім болған [11, 73].

Қазақ тұрмысында бірнеше әйкел тағу әдеті жоғарыдағы “Қыз Жібек” жырынан анық бай-қалауды. Түрікмен тілінде **хейкел** – күмісті, шілтерлі, ою-өрнекті қалта. Оны иыққа салтанатты кездерде егде әйелдер таққан [12, 173].

Қазақ әйкелдерінің бір түрі зерлі матаға асыл тас, күміс тыныңдар кадап, сол иықтың үстінен аснатын, кеудені орай келе қолтық астынан түймеленетін етіп жасалады. Оны қазакта қыздар

такқан.

“Қамбар батыр” жырының кейбір вариантында кездесетін **әйкел-тұрман** атауы ерте кезде қазақтың жүйрік аттардың мойнына, мандайына тұмар таққандығын білдіреді.

Тана-тұйме дегендегі **тана да, тұйме де** – бір заттың әр басқа атауы. Тана – көбінесе ақықтан жасалатын, кейде алтын мен құмістен соғылатын, омырауга, бас киімге сәндікке қадайтын үлкен, дөңгелек, ерекше жарқырап көзге түсетін әшекей, тұйме. Аймақтық лексикада кейінгі заманда көйлекке қадайтын үлкенді-кішілі тұймелерді де **тана** деп атаған. Түркі тілдері материалдарына зер салып қарасақ, **тана** “ақық”, “інжу” және “шыныдан яки фарфордан жасалған тұйме” дегенді анғартады екен.

Қазақ танасы түрікмендердің **гуляха** деп аталағын көлемді әшекей сияқты үлкен болады, бірақ одан айырмасы: тананың ортасында көбінесе асыл тас болмайды. Бұл әшекей атауы көркем шығарма тілінде де кездеседі: “Ақ көйлектің кестелі жасагасына үлкен **тана** таққан қызы суңғуір қасқалдақтай” (С.Жұнісов. Ақан сері, 1971, 45-б.). Осыдан келіп қыздың жарқыраған үлкен дөңгелек көзін “тана көз” деп атау қалыптасқан. Қазақтың өткен тұрмысында осы бұйымның эстетикалық, элеуметтік мәнінің жоғары болғандығын білдіретін **тана тағар** салты да болған. Ол туралы алдағы уақытта кеңірек сөз етіледі.

Бақа тұйме – ұсак-тұйек әшекейлер. Қос сөз құрамындағы **бақа** атауы тұйменің түрін білдірмейді. Аймақтық қолданыста **бақа** сөзі екі түрлі ұғымда қолданылады: 1) ең кішкене; 2) алса, тапалтақ [3, 108]. Қазақ қыздары **бақа ине** деп аталағын ең кішкене инемен тігеді. Қос сөздегі **тұйме** аталағын заттың да үлкен емес, кішкентай, ұсак болатындығы мәлім. Олай болса, жоғарыдағы **бақа-тұйме** тұлғасы “ұсак-тұйек” дегенді анғартады. Бұрынғы кезде ел аралап, ұсак-тұйекпен сауда жасайтын адамды **бақалышы, аттерші** деп әртүрлі атаған. Тілімізде “ұсак адам” дегенді білдіру үшін **бақай есеп** деп атайды.

Қорыта айтқанда, **бақа-тұйме** қос сөзіндегі **бақа** сөзінің “ұсак”, “майда”, “кішкентай” деген мағынасы **бақалышы, бақа ине, бақай есеп** сияқты сөздер мен сөз тіркестерінің бойында сақталып отыр.

ӘДЕБІЕТ

1. Калиев Б.К. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. Алматы: Мектеп, 1996. 168 с.
2. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. 2-кітап. Алматы: Ғылым, 1999. 240 б.
3. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. 1-кітап. Алматы: Ғылым, 1996. 200 б.
4. Нұрмагамбетов Ә. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні. Алматы: Мектеп, 1985. 160 б.
5. Ильяев F. Қазақтың байыргы өнері // Жұлдыз. 1971. №6.
6. Узбекско-русский словарь. М., 1959.
7. Атаниязов С. Слова, обозначающие футляр для пиал в диалектах туркменского языка // Советская тюркология. 1982. №1.
8. Миллер Б.В. Персидско-русский словарь. М., 1953.
9. Бакинова Г. Кыргыз тилини Ош говорлору. Фрунзе, 1956.
10. Доспанов О. Қарақалпақ тили кубла диалектиниң лексикасы. Нөкис, 1977.
11. Семенов А.А. Этнографические очерки Заравшанских гор Каратегина и Дарваза. М., 1903.
12. Васильева Г.П. Туркмены-нохурлы // Среднеазиатский этнографический очерк. М., 1954.

Резюме

Рассматриваются вопросы аналитического способа словообразования лексических единиц прикладного искусства.

Институт языкоznания
им. Байтурсынова МОН РК,
г. Алматы

Поступила 2.06.2006 г.